

Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және дәйектілігін бақылау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 маусымдағы № 798 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 тамыздағы № 657 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.08.2015 № 657 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 214 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 158-1-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Парниктік газдар шығарындылары менсіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және дәйектілігін бақылау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының *К. Мәсімов*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 18 маусымдағы
№ 798 қаулысымен
бекітілген

Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және дәйектілігін бақылау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және дәйектілігін бақылау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығына, айқындығына және дәйектілігіне бақылау жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айқындылық – парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу процесінің парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулерін есептеу кезінде пайдаланылатын әдіснамасының ашықтығы;

2) базалық жыл – БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасының 3-бабы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау үшін белгіленген жыл;

3) толықтық – Қазақстан Республикасының аумағы шегінде барлық көздерден шығатын парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулерін, сіңіргіштерді, парниктік газдарды мемлекеттік түгендеумен қамту.

3. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және дәйектілігін бақылауды (бұдан әрі – бақылау) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы (бұдан әрі – ұйым) жүргізеді.

2. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және дәйектілігін бақылау тәртібі

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) әрбір жылдың 1 мамырына дейін парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және дәйектілігін бақылау жөніндегі жұмыс кестесін бекітеді.

5. Есептеу тәртібін жоспарлау және ақпаратқа қажеттілікті анықтау, алынған деректер мен мәліметтерге талдау жүргізу, аралық және соңғы нәтижелерді бағалау кезеңдерін қоса алғанда, бағалау парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулеріне мемлекеттік түгендеу жүргізудің әр кезеңінде жүргізіледі.

6 . Ұ й ы м м ы н а :

1) базалық жылдан бастап есепті кезеңге дейінгі барлық жылдар деректерінің парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеумен қ а м т ы л у ы ;

2) негізгі көздер мен сіңіргіштердің барлығының парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеумен қамтылуы;

3) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу процесінде деректердің болмауының құжатпен бекітілуі өлшемдерін негізге ала

отырып, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу шеңберінде есепке алу үшін алынған құжаттаманы толықтығы тұрғысынан қ а р а й д ы .

7 . Ұ й ы м м ы н а :

1) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу деректерін үшінші тұлғалар жасаған бағалаулармен салыстыру;

2) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу деректерін парниктік газдар шығарындыларының көлемін анықтайтын басқа әдістердің көмегімен алынған деректермен салыстыру;

3) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу деректерін басқа мемлекеттердің деректерімен салыстыру өлшемдерін негізге ала отырып, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу шегінде есепке алу үшін алынған құжаттаманы дәйектілігі тұрғысынан қарайды.

8 . Ұ й ы м м ы н а :

1) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулеріне мемлекеттік түгендеу жүргізу үшін пайдаланылатын бекітілген әдістемелердің болуы;

2) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулеріне мемлекеттік түгендеу жүргізу үшін пайдаланылған әдістемелердің қолжетімділігі;

3) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу деректерінің ашықтығы өлшемдерін негізге ала отырып, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу шегінде есепке алу үшін алынған құжаттаманы айқындығы тұрғысынан қарайды.

9. Ұйым әрбір жылдың 30 қыркүйегіне дейін деректердің толықтығына және дәйектілігіне бақылау жүргізеді.

10. Алынған деректердің толық еместігі және дәйексіздігі анықталған жағдайда, ұйым тиісті ақпаратты қосымша жинауды және нақтылауды жүзеге а с ы р а д ы .

11. Ұйым әрбір жылдың 1 желтоқсанына дейін жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығы, айқындығы және дәйектілігі туралы қ о р ы т ы н д ы н ы д а й ы н д а й д ы .

12. Қорытынды парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеуді дайындауға тікелей қатыспаған тәуелсіз сарапшылардың, бейінді ғылыми мекемелердің немесе өзге ұйымдардың қарауына жіберіледі.

13. Ұйым қорытындыны тәуелсіз сарапшылардың, бейінді ғылыми мекемелер мен өзге ұйымдардың ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып пысықтайды және пысықталған қорытындыны келесі жылдың 15 ақпанына дейін уәкілетті о р г а н ғ а ж о л д а й д ы .

14. Тәуелсіз сарапшылардың, бейінді ғылыми мекемелер мен ұйымдардың

ескертулерімен және ұсыныстарымен келіспеген жағдайда, ұйым тиісті тұлғаларға тиісті ұсыныстар мен ескертулерді ескермеу себептер үшін дәлелденген негіздемесін ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК